**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы**
**«Балапан» кіші аралас тобының апталық (02.10-06.10.2023ж) циклограммасы (1-апта)**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Бөбек»- бөбекжай балабақшасы
Топ: «Балапан»аралас тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10-06.10 2023-2024 жыл
Тәрбиешілер: Камысбаева М.К; Кунабаева А.Ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 02.10.** | **Сейсенбі 03.10.** | **Сәрсенбі 04.10.** | **Бейсенбі 05.10.** | **Жұма 06.10.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту, сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***«Сиқырлы қапшық"*** Мақсаты:Қапшықтан алған ойыншықтың атын,түсін атайды.<br><br>*Саусақ ойыны «Бищі адамдар»*<br>***(кіші жас)),(ерте жас)*** | ***"Бауда ма,бақшада ма?»*** Мақсаты:Балалар көкөністер мен жемістерді ажыратып орналастырады.<br>***(кіші жас)***<br><br>**Міндеті:** Ойын бұрыштарында әдемі себеттерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сүрту үлгісін көрсету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, мәдени- | **Фотосуреттер қарастыру**: «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.<br>***(кіші жас)*** | **Саусақ ойыны**: «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру<br>***(кіші жас)*** | **Дид ойын:** «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.<br>***(кіші жас)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | гигиеналық дағдылар<br>*(ерте жас)* | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығулар кешені**<br>**Сылдырмақпен»**<br>*Б.қ. Аяқ алшақ, сылдырмақ төменде;*<br>*1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырату;*<br>*3-4 б.қ. (4 рет)*<br>*Т.с.*<br>*1-2 сылдырмақты алға созу;*<br>*3-4 артқа тығу;*<br>*Б.қ. –т.с.*<br>*1-4 отырып сылдырмақты тізеге созу;*<br>*5-6 б.қ. келу; (3рет)*<br>*Сылдырмақпен жүгіру (10сек)* | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында колдарын жуу, колды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Біз білеміз, білеміз, иә, иә,<br>Су қайда шашырайды.<br>Шығыңыз, су ханшайымы,<br>Біз жуынуға келдік!<br>Біз көңілді,<br>Қолымызды жуамыз!<br>*(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)*<br><br>**Тамақтану**<br>Мақсаты: Тамақтану процесінде балаларды еркіндікке шақыру, барлық тағамды аяғына дейін жеуге деген ұмтылысты дамыту.<br>**Көркем сөз:**<br>Бір-екі - үш-қасық ұсақтайды,<br>Тіпті үгінділер де қалмады!<br>Таңғы ас аяқталды,<br>Кім бәрін жесе, сол жақсы! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)<br>"Біз шалқандай өстік".<br>Балаларды шоқайтып отырғызып алып, жаттығуды бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>"Түлкінің сыйлықтары"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды гимнастикалық қабырғаға көтерілуге, тепе-теңдікті сақтауға, белгілі бір бағытта жүгіруді жақсартуға және белгі берген кезде жауап беруге әрекет етуге үйрету, затты белгілі бір бағытта көлденең нысанаға лақтыра білуге жаттықтыру.<br>***(дене шынықтыру,*** | **Музыка**<br>**Пед.жоспары бойынша**<br><br>Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атуын?<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып сөйлеуді үйрету.<br>*(сөйлеуді дамыту)*<br>***(кіші жас)***<br><br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шектеулі зат үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың | **Дене шынықтыру.**<br>"Салтанатты адым".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету, тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру.<br>Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру.<br>Балаларды шапшаңдық | Вариативка<br>«Жүзік»<br>. Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру. Олардың әрқайсысының көлемі мен пішініне назар аудара отырып, оны не үшін пайдаланатынын түсіндіру.<br>**Ойын: «Сақина салмақ»**<br><br>Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)***<br>Қимылды ойын. "Қу түлкі".<br>Мақсат-міндеттері:<br>бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту.<br><br>(ерте жас)<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүгіріп қағып ал»<br>****(дене шынықтыру)**<br>Менің отбасым тақырыбында суретпен жұмыс<br>***(Сөйлеуді дамыту)***<br><br>«Ұя құрастыр» ойыны<br>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау.<br>(Сенсорика)<br>***(ерте жас)*** | дұрыс құрап сөйлеуін дамыту.<br>***(көркем әдебиет)***<br><br>Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету.<br>(жапсыру) ***(кіші жас)***<br><br>Ермексаздан торт жасауды үйрету<br>(мүсіндеу). ***(кіші жас)***<br><br>**Дидактикалық ойын**<br>**"Жапырақтарды жинайық"**<br>үш түрлі ағаштың жапырақтарын сыртқы пішіндеріне қарай бөліп жинау. Балалар жапырақтарды үш түрге бөліп, үш себетке жинайды.<br>Педагог:<br>- Балалар, күз ханшайымының орманын жинастырып берейік.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сенсорика)***<br>***(ерте жас)*** | эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады.<br>**Ойын жаттығуы.**<br>**«Допты домалату».**<br>***(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) ерте жас)***<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға допты жерде жатып домалатуды үйрету, ептілікке дағдыландыру.<br>Балалар кілемге бір-бірінің қасына отырады.<br>Педагог өз қолындағы добын жерде итеріп көрсетеді. Әр бала допты 2-3 рет домалатады<br><br>**Қимылды ойын**<br>**«Ұшады-ұшпайды»**<br>Міндеті: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу<br><br>Ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ)көрсету. | қабілеттерін тез игере білуге баулу; дене жаттығуларын жасағанда тазалыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Маған қарай алымдаңдар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету.<br>***(дене шынықтыру)(кіші топ)***<br>**«Торғайлар мен мысық»**<br>Міндеті: қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету.<br><br>«Үй жануарлары»<br>үй жануарлары мен олардың төлдерінің атау.<br>*(сөйлеуді дамыту)*<br>***(кіші жас)***<br><br>"Серуенге шығайық, жапырақтарды жинайық".<br>Бір ғана ойыншықпен ойнай білуді, қолдың | үйрету<br>(сөйлеуді дамыту)<br>***(кіші жас)***<br><br>**«Тамшылар»**<br>Парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды Салу.<br>*(сурет салу)*<br>***(кіші жас)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу<br><br>"Күзгі бояулар"<br>Күз туралы білімді бекіту; адамның жұмысын құрметтеу; бақыт, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын байыту; тілдерін, шығармашылық талғамын, қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)<br>***(ерте жас)*** | | *(сөйлеуді дамыту)*<br>***(ерте жас)***<br><br>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету.<br>*(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)* ***(кіші жас)***<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту.<br>***(құрастыру)***<br><br>***(кіші жас)*** | ұсақ моторикасын дамыту, "ки", "шеш", "сақина" сөздерін түсіну, басқа заттармен әрекет етуге тәрбиелеу.<br>(музыка, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)<br>***(ерте жас)***<br><br>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету.<br>*(мүсіндеу)* ***(кіші жас)***<br><br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту.<br>*(құрастыру)* ***(кіші жас)*** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек!<br>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті, өз-өзіне қызмет көрсету)<br>- Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>- Дене шынықтыру<br>- Қоршаған ортамен таныстыру. | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау**<br><br>(қарға, көгершіндер, торғайлар).<br><br>Балаларға құстардың атауларын, дене көлемін дұрыс айтуды; құстардың қимылдарын сөзбен сипаттап айтуды және іс-әрекетпен көрсетуді үйрету.<br><br>- Құстар не істейді: ұшу, ағаш бұтақтарына отыру, секіру, түйіршіктер, ұсақ тастар. Құстарда не бар: тұмсық, қауырсын, қанат, көз, аяқ. Қарға үлкен, маңызды. Торғай кішкентай, жылдам. Көгершін үлкен, сабырлы. | **Желді бақылау.**<br><br>Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)<br><br>**Сабаққа күз келсе,**<br><br>Жел дамылсыз соғады.<br><br>Тыным бермей ешкімге,<br><br>Жұлқылайды бәрінде.<br><br>Үзіп жатыр,<br>Жұлып жатыр<br>Барлық сары жапырақты.<br>Д. Ахметова | **Аула сыпырушыны бақылау**<br><br>. Балаларға сыпырушы қызметі туралы түсініктер беру. Оның іс-әрекетін сөзбен айтуды, еңбек құралдарын таныстыру.<br><br>Педагог:<br><br>- Не істейді: жапырақтарды жинайды, жолдарды сыпырады, қоқыстарды жинайды. Сыпырушының қолында не бар (сыпырғыш, тырма, қоқыс себеті). (қоршаған ортамен | **Гүлдерді бақылау**<br><br>Гүлдер әдемі, нәзік, иісі бар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі. Гүлдерден гүл шоқтарын жасауға болады. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Аз қимылды ойын. «Көкөністер мен жемістер».**<br><br>Көкөністер мен жемістер (еңкею, еденге қолды тигізу (бақша)<br><br>Дәмді тағам. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br><br>Бақта (еңкею, еденге қолды тигізу (жинау) | **Ағаштарды бақылау.**<br><br>Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>Жанымызда биік ағаштар,<br><br>Бұталарында жапырақтар.<br><br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br><br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br><br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)<br><br>**Қимылды ойын «Мені қуып жетіңдер!»**<br><br>Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарды немесе алаңда отырады. Тәрбиеші: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де аланның қарсы жағына жүгіреді. Балалар тәрбиешінің соңынан жүгіріп, оны ұстауға тырысады. Одан кейін тәрбиеші тағы да: «Мені қуып жетіңдер!» - дейді де қарсы жаққа қарай жүгіреді, балалар оны қайтадан қуалайды. Екі рет жүгіргеннен кейін балалар орындықтарға отырып демалады. Одан кейін ойын қайта басталады. | **"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.**<br><br>Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру.<br><br>Педагог тақпақты бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттайды.<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)<br><br>Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),<br><br>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).<br><br>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ | танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)<br><br>(ерте жас)<br><br>**Қимылды ойын. «Күн мен жаңбыр».**<br><br>Балалардың сигнал бойынша қозғалу қабілетін дамыту.<br><br>- Күн жарқырап тұр, балалар серуендеп бара жатыр.<br><br>- Күн жасырынды, жаңбыр жауа бастады, балалар үйлеріне кіріп жатыр (қолдарын төбеге қояды).<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыруг көркем әдебиет)<br><br>***(кіші жас)*** | Бақшада (тұру, қолдарын созу (жинау)<br><br>Мен оларды табамын. (іштерін оң қолымен, содан кейін сол қолымен сипау)<br><br>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)<br><br>(ерте жас) | болды?<br><br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br><br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.**<br><br>Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялалды жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br><br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынды шағын топпен өткізген дұрыс. Балалардың бір тобы ойнап жатқан кезде екінші тобы карап тұрады, одан кейін балалар рөлдерімен ауысады.<br><br>(сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу,<br><br>дене шынықтыру)<br><br>(ерте жас) | ұшына тұру).<br><br>Қорапшаға салайық (отыру, кайта тұру).<br><br>Д. Ахметова<br><br>(ерте жас) | | | бақшада алмалар да піседі.<br><br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br><br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жакка жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, токтап, шоқайып отырып, кайта тұрып, ары карай бағыттайды. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)<br><br>Алма бакта көп алма,<br><br>Қызыл алма, көк алма.<br><br>Күз келді, тез жинаңдар,<br><br>Кеш калып калмаңдар.<br><br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Ашу - жабу» жаттығуы.**<br>Балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау.<br>Жабдықтар мен материалдар: әртүрлі типтегі бекіткіштері бар тұрмыстық заттар | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Қоянға арналған дәм".<br>Ермексазды алақанның ортасына салып, түзу қозғалыспен таяқшалар есуді, қызыл түсті ажырата білуді үйрету, қолдың ұсақ | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Бақшаға кім барады?"<br>Балаларда көгөністер мен жемістер туралы түсінік қалыптастыру; кейбір жемістер мен көгөністерді табиғи | **«Пойыз» ойыны.**<br>Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық пойызы немесе суреті.<br>Тәрбиеші балаға ойыншық пойызды немесе суретті көрсетеді, пойыздың қалай | **"Жемістер" дамытушы ойыны.**<br>Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: жемістердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиынтығы (әмиян, қол сөмкелер, қораптар).<br><br>Кішкентай ойыншықтарды қораптарға салу, оларды бекіту (жабу), содан кейін балаға қорапты ашып, ойыншықтарды алуғды үйрету.<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршағн ортамен танысу, сенсорика, дербес әрекет)<br><br>(ерте жас) | маторикасын дамыту, мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br><br>**Саусақ гимнастикасы "Сұр қоян".**<br><br>(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)<br><br>Ұзын құлақ, сұр қоян (қолымызды басымызға құлақ сияқты қоямыз).<br><br>Қызыл танау (сұқ саусақпен танауды көрсету).<br><br>Күлкілі мұрты да бар (сұқ саусақты көлдененінен ерінің үстінен қою).<br><br>Қатты қолдарымен (өз денесін құшақтау),<br><br>Сәбізін алып жейді (қолымызды айқастырамыз).<br><br>**"Көкөністер"** | түрінде және суреттерде тануды үйрету; зейіні мен есте сақтау қабілетін дамыту; табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика) (ерте жас)<br><br>**«Себеміз, құямыз» дамытушы жаттығуын жасау.**<br><br>Сусымалы материалдарды әртүрлі құрылғылардың көмегімен құюды, қазуды, араластыруды үйрету. Баланы шелектегі құмды қасықпен жинауға, оны шелектен қалыптарға құюға, | зырылдап бара жатқанын еске түсіртеді («У» дыбысын шығарады) және осы дыбысты балаларға ұзақ әрі қатты қайталауды ұсынады. Ойын соңында балалар мен тәрбиеші бөлмеде «пойыз» жасап жүреді.<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем сөз)<br><br>Пойыз: Ду-ду! Ду-ду!<br><br>Мен жүремін,<br><br>Мен жүремін! - деп шулайды,<br><br>Ал вагондар зулайды.<br><br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!<br><br>Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! | нақпішіндері.<br><br>Ал бау-бақшада жемістер,<br><br>Қызарып, толып піскен:<br><br>Алхоры, өрік, алма,<br><br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br><br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)<br><br>(ерте жас) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **дамытушы ойыны.**<br>Балаларға көкөністердің атауларын атауға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.<br>Құралдар: көкөністердің нақпішіндері.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем сөз)<br>Міне, дәмді көгөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен:<br>Картоп, пияз, қызанақ,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>- Тамаша! Жарайсыңдар! | жарманы ыдыстан саптаяққа қасықпен немесе шөмішпен салуды жаттықтыру. Балаға қолындағы қасықты ұстауға көмектесу, құм баланың көзіне де, аузына да кіріп кетпеуін қадағалау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика)<br>(ерте жас) | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Әжеме арналған орамал» Ою -өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құастырады, жабыстырады (Сурет салу,жапсыру, құрастыру) (Сенсорика) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер *(кіші жас)* | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. (Мүсіндеу) Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» *(кіші жас)* | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка) ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Сенсорика) Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер *(кіші жас)* | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қарандаш ты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер *(кіші жас)* | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка) Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер *(кіші жас)* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | қарапайым сөз тіркестерін2-3 сөзді қайталап айтуды үйрету | сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету | нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету . | түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту. | шеңберге тұруды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлектің шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімніңоң киілуіне баса назар аудару керек. (**Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |

| Серуен | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршағанортамен таныстыру)<br>**Қимылды ойын: «Соқыртеке»**<br>бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.Шапшаңдыққа баулу.<br>***(дене белсенділігі)*** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау<br>(қоршаған ортамен таныстыру)<br>**Қимылды ойын: «Қарлығаш»**<br>балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.<br>***«дене белсенділігі)*** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау<br>(қоршаған ортамен таныстыру)<br>**Қимылды ойын: «Кімнің шары алысқа ұшады**?»<br>*(дене белсенділігі)* | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау<br>/қоршаған ортамен танысу)<br>**Қимылды ойын: «Қаздар мен аққулар»**<br>топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. *(дене қозғалысы)* | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру)<br>**Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы»**<br>үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.<br>*(дене қозғалысы)* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Кеңес:**«Баланың тілі қалай дамиды» | | | | |

Әдіскер [signature] Ахметова Г.Т

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**«Бөбек»- бөбекжай-балабақшасы**
**«Балапан» кіші аралас тобының апталық (09.10-13.10.2023ж) циклограммасы (2-апта)**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) <u>«Бөбек»- бөбекжай балабақшасы</u>
Топ: «Балапан»аралас тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.10-13.10 2023-2024 жыл
Тәрбиешілер: Камысбаева М.К; Кунабаева А.Ж

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 09.10.** | **Сейсенбі 10.10.** | **Сәрсенбі 11.10.** | **Бейсенбі 12.10.** | **Жұма 13.10.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Сөйлеуді дамыту«Балабақша»<br>Мақсаты:балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>Әр баланың белсенділігіне назар аудару | | | | |
| | | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгіме «Топта өзін қалай ұстау керек?»<br>балаларды балабақша бөлмесінде (топта, жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде) мінез-құлық және қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелеріне бағыну қабілетін, өз денсаулығы мен басқалардың денсаулығын сақтау ниетін дамыту.*(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны «Текшелер»**<br>өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету.<br>(кіші жас) | **Сурет салу «Доп»**<br>әр бала суретті толықтыру арқылы өзінің ықыласын білдіруге үйрету. Топтық жұмысқа баулу.<br>(кіші жас) | **Танграмм «Менің сүйікті ойыншығым»**<br>баланың танымдық, зияткерлік қабілетін арттыру.<br>(кіші жас) | **«Ұшты - ұшты»**<br>Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу..<br>Еркін ойындар. | **Сөйлеуді дамыту «Кім көп сөз біледі?»**<br>Балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету.Балалардың еркін әрекеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Қуыршақ ойыншығымен ойнату.**<br>Міндеттері.<br>Балаларға қуыршақ ойыншығын әлдилеткізу арқылы алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру.<br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныcу, сенсорика, музыка)*<br>(ерте жас) | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>*«Алақанымызды қыздырайық».*<br>Бастапқы қалып: еркін тұру. Екі қолды жоғары көтеру, бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Тіземіз қайда?»*<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, қолымыз арқамыздың артында.<br>Алға қарай еңкею, тіземізге қолымызды тигізіп, «Мінекей!» сөзін айту. Бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып. Аяқтың арасы алшақ, екі қол белде.<br>Отыру, бетті екі қолмен жабу. Бастапқы қалыпқа оралу.<br>*«Күн шуағы жарқырап тұрған шабындыққа қыдырынамыз».* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: шалқалап жату.<br>Ішке қарай аунап жату.<br>Қайтадан арқаға аунау (3-4 рет қайталау).<br>*«Шалғынға қояндар келді».*<br>Екі аяқпен секіру.<br>Бірінші жаттығуды қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай ...<br>(Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. **(сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)**<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нанды пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене шынықтыру**<br>"Аюға қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға шектеулі зат | **Музыка**<br>**Пед жетекші жоспары** | **Дене шынықтыру**<br>"Біз теп-тегіс жолмен жүреміз"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды түзу жолмен | **Дене шынықтыру**<br>"Күзгі орманда".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың алға қарай екі параллель түзудің | Вариативка<br>«Ұлттық бұйымдар»<br>Балаларды топ бөлмесінде, өзін қоршаған заттардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстімен жүруді, педагогпен бірге ойын түрінде допты алға қарай итеруді (қол мен аяқтың қимылын алмастыра отырып, алға қарай еңбектеуді), жүргенде тепе-теңдікті сақтауды, ұялшақтықты жеңуге көмектесу, сигнал бойынша әрекет ету дағдыларын дамытуға ықпал ету, балалардың эмоционалды реакциясын және ойын әрекетіне қатысуға ұмтылысты тудырады. **Ойын жаттығуы. «Допты домалату».** ***(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)*** Мақсат-міндеттері. Балаларға допты жерде жатып домалатуды үйрету, ептілікке дағдыландыру. Балалар кілемге бір-бірінің қасына отырады. Педагог өз қолындағы добын жерде итеріп көрсетеді. Әр бала | **Саусақ жаттығуы.** **"Көңілді саусақтар".** Қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру. *(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сенсорика, көркем әдебиет, музыка)* (ерте жас) | жүруге (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әр түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды өз беттерімен себетке салуды (қорап), бөренеден аттауға үйрету. ***(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)*** Ойын «Себетке алма жинайық» Педагог: - Балалар, бізге үлкен жүк көлігімен күздің сыйлықтары келді. Алмалар жерге шашылып, жан-жаққа домалап кетті. - Оларды қайтадан жүк машинасына жинап салайық. Балалар алмаларды (кішкентай доптар) көңілді әуенмен жүк | (ұзындығы - 2,5 м, ені - 25 см) арасында бірінен соң бірін жүру қабілетін бекіту; негізгі қимыл түрлерін дамыту; икемділік; жәй жүру; бұлшық еттің негізгі топтары; бір-біріне деген сенімділікті қалыптастыру; табиғатқа ұқыпты және құрметпен қарауды ынталандыру; жаттығуларды қайталау арқылы балалардың оқу әрекеттерін ынғайту. **(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Қимылды ойын "Кім жылдам?" Мақсат-міндеттері. Балаларға кедергілерден өтіп, аланның бір жағынан екінші жағына жүгіруді үйрету. Белгі бойынша әрекет ету қабілетін, | ішіндегі ұлттық бұйымдарды дұрыс атай білуге, түр түсі, пішіні, көлемі жайында түсініктерін кеңейту, ұлттық бұйымдарды бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | допты 2-3 рет домалатады<br><br>2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту<br>**"Домалатайық қане біз".**<br>Отырып және тұрып, түрлі заттардын астынан 0,5-1,5 метр аракашыктыкка доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.<br>*(кіші жас)*<br><br>**Дене шынықтыру<br>«Допты қуып жет».<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: Аю**<br>**Ойын мақсаты:**<br>Балаларды ұйымшылдыққа, алғырлыққа баулу.<br>**Ойын шарты:**Бір бала аю болып сайланады, Қалған балалар қоян болады. Қояндар орманда ойнап жүріп ұйықтап жатқан аюды оятып жібереді. Аю ашуланып қуа<br>(ерте жас,кіші жас) | | көлігіне қайта жинайды.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Дәмді бауырсақ "<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күнделікті жеп жүрген нан және азық атауларымен таныстырып оларды дұрыс атауды үйрету; тыңдау мәдениетін қалыптастыру; сөздік қорды дамыту; тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету; есту, қайталау, еске сақтау, зейіндерін дамыту; құрдастары мен ересектер арасындағы өзара қарым-қатынасқа баулу.<br><br>**(ерте жас)**<br>**Дене шынықтыру<br>**«Кім бірінші» қимылды** | қимыл жылдамдығын дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Ойын аланының бір жағында 4-5 бала тұрады. Қарама-қарсы жақта (арақашықтық 12-15 м) орындықтардын үстінде күзгі жапырақтар жатыр. «Бір, екі, үш! Жүгір!» белгісі берілгенде балалар жүгіріп барып жапырақтарды жинайды. Бірінші болған баланы атап өту керек. Содан кейін балалар орындарына барады, келесі 4-5 бала шығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.<br>***(дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)***<br>**(ерте жас)**<br>**Дене шынықтыру<br>**Қимылды ойын**<br>**"Мені қуып жет!"**<br>балаларға бір-бірін итермей, топтасып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ойыны**<br>ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру | жүгіруді үйрету.<br>Ойын барысы.<br>Педагог орындықта отырған балаларға залдың бір жағынан барып: «Әмір, Сәбирә, Миша мені қуып жет!»- деп айтады. Аттары аталған балалар орындарынан тұрып педагогті қуалайды. Педагог біраз жүгіріп өзін қуып жеткізеді. Қайталап ойнаған сайын, ойыншылар саны көбейеді. Ойынның соңында барлық балалар педагогті қуып жетеді.<br>**(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | |
| | Дәрумен және оның пайдасымен таныстыру<br>*(Қоршаған ортамен таныcу)*<br>Дәрумендер туралы тақпақ жаттату ***(Көркем әдебиет)***<br>Алманың суретін салу,жабыстыру, құрастыру | Екі қарама-қарсы және бірдей жемістер мен көкеністерді ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.<br>(*Сенсорика)*<br>**«Алтын дән» өлеңі К.Ахметова**<br>Өлеңді асықпай мағанасына | Ойын заттың атын ата Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолға алып, ащы катты қышқыл, түсін,пішінін атау керек.<br>(*Сенсорика)*<br>Балаға ұнайтын жеміс немесе көкеністің суретін | Жемістер мен көкеністерде қандай дәрумендер бар екені туралы әңгімелесу<br>*(Сөйлеуді дамыту)*<br>Тамақты ішсең күнде сен<br>Белгілі бір мезгілде Таңертең, түсте,түстен | Буклетпен жұмыс дұрыс тамақтану жайлы әңгімелесу<br>Пайдалы тағамдардың маңызымен таныстыру<br>(*Қоршаған ортамен таныcу*) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)*<br><br>Көп аз ойыны<br>Аз және көп жемістерді топтастыру<br>*(Сенсорика)*<br>(ерте жас,кіші жас) | карай дыбыстарды анық айтады.<br>*(Көркем әдебиет)*<br>(кіші жас) | салу<br>*(Сурет салу)*<br>Ас адамның аркауы<br>Дені саудың жаны сау макал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту<br>*(Сөйлеуді дамыту)*<br>(кіші жас) | сон<br>Жатар алды кезінде,Балаларға тақпак жаттау, уакытты бағдарлауға үйрету.<br><br>*(Көркем әдебиет,сенсорика)*<br>(кіші жас) | Жұмбак жасыру ойыны<br>Көкеністер туралы<br>*(Сөйлеуді дамыту)*<br>(кіші жас) |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттык - ойын жабдыктары мен спорттык құрал-жабдыктарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бакылау ***(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, коммуникативтік,танымдық еңбек әрекеті).*** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі ауа райын бакылау.**<br><br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі күндер бұлтты, салкын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байкату; зейінді, ойлау кабілетін дамыту.<br><br>- Айналаға карандаршы, балалар, жапырактар сарғайды.<br><br>*(қоршаған ортамен таныcу, сөйлеуді дамыту* | **Сары жапырақтарды бақылау.**<br><br>Балалардың көңілін сары жапырактарға аудару, жапырактардың жергі түсу кұбылысын байкату; күз кұбылыстары жөнінде ұғымдарды калыптастыру; зейінді, ойлау кабілетін дамыту.<br><br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныcу)*<br><br>Үшты талдан жапырақ | **Бұлттарды бакылау.**<br><br>Балалардың көк аспанда ак бұлттарды бакылауға машыктандыру; бұлттардың ак мамыктай болғанына, бейнелерге ұксағанына көңіл аудару.<br><br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныcу, көркем әдебиет)* (ерте жас) | **Күзгі ауа райын бакылау.**<br><br>Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күзгі ауа райы бұлтты, салкын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байкату, зейінді, ойлау кабілетін дамыту.<br><br>- Балалар, айналаға караңдаршы, жапырактар сарғайды.<br>*(сөйлеуді дамыту,* | **Ағаштарды бақылау.**<br><br>Балаларды коршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырактары желпілдеп, жайкалып жатканын байкату; зейінін, ойлау кабілеттерін дамыту.<br><br>Жанымызда биік ағаштар,<br><br>Бұталарында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (ерте жас)<br><br>- Аспанда сұр бұлттар ұшып барады.<br><br>- Адамдар жылы киінді.<br><br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br><br>Мінезің бұзық-ау.<br><br>Жаңбырың сіркіреп<br><br>Келгенің қызық ау.<br><br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны.**<br><br>Балаларға сапта (марш) адымдап басу қимылдарына жаттықтыру, педагогке еліктеп, қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. *(сөйлеуді дамыту, дене* | Сары көбелек секілді.<br><br>Аспанда жай шатырлап,<br><br>Тамшы жерде секірді.<br><br>(М. Әлімбаев)<br><br>Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру.<br><br>**"Кім тыныш?" қимылды ойыны.**<br><br>Міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқ ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br><br>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай | "Аспанда".<br><br>Бір бұлт шықты бие болып,<br><br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br><br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br><br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br><br>(Қ. Мырзалиев.)<br><br>**"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.**<br><br>Міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету; ой-қиялын дамыту.<br><br>*(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, дене* | *қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)*<br><br>- Аспанға қараңдаршы, сұр бұлттар ұшады.<br><br>- Адамдарға қараңдаршы, ауа салқын, адамдар жылы киінді.<br><br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br><br>Мінезің бұзық-ау.<br><br>Жаңбырың сіркіреп<br><br>Келгенің қызық-ау.<br><br>(Қ. Ыдырысов)<br><br>**"Біз шалқандай өстік" қимылды жаттығуы.**<br><br>Міндеттері. Балаларды шоқайып отыру және орнынан тұрып, белгілі қимылдарды жасауға ынталандыру; шалқан | жапырақтар.<br><br>Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды,<br><br>Жапырақтарымен бізге бұлғайды.<br><br>- Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды?<br><br>- Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті.<br><br>- Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. *(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, дене шынықтыру)* (ерте жас)<br><br>**"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шынықтыру, көркем сөз)*<br>(ерте жас)<br>Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау)<br>Ей, Бауырсақ!<br>Міне, алыска жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда!<br><br>Бір-екі! (адымдау)<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сенгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, адымда! | жүрейік.<br>Сайға қарай адымдаймыз,<br>Түрлі дыбысты тыңдаймыз.<br>Көрейік. Бұл қай бұрыш?<br>Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...<br>- Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...<br>- Бұл жақта не бар екен?<br>- Тамаша!<br>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды.<br>Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.<br>*(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)* | *шынықтыру)*<br>(ерте жас)<br><br>Педагог:<br>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>- Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттар ұқсап, "ұшасыңдар".<br>Педагог көркем сөзді қайта оқи алады. | көкөністің бақшада өсуі туралы ұғымдарды қалыптастыру; жаттығуларды жасауда жағымды көңіл күйге бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныcу, көркем әдебиет)* (ерте жас)<br><br>**Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),**<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова | Міндеттері.<br>Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>- Қанекей, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.<br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, көркем әдебиет)*<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар.<br>(Д. Ахметова) |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ***( дербес ойын әрекеті).*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Шалқан»** ертегісі<br>Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**«Қызыл алма»** ***(заттық мүсіндеу)***<br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады.<br>(кіші топ)<br><br>**Пішіндер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны.** | Жемістер мен көкеністер ойыны<br>Екі топқа бөліп ажырату<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Жасыл алмұрт»**<br>***(заттық мүсіндеу)***<br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады, алмұртты құрастырады,түсін пішінін атап,суретін салады ***(мүсіндеу,сурет салу*** | Дәмін татып қай жеміс екенін ата ойыны<br>***(Қоршаған ортамен танысу)***<br>Жемістер жыры тақпағын жаттау.<br>***(Көркем әдебиет)***<br>(кіші топ)<br><br>**"Жапырақтарды жинайық".**<br>Балаларды жапырақтарды түстер арқылы ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және қоқсары | Дәрумендер бейнеленген пазл құрастыру<br>***(құрастыру)***<br>Сәбіздің суретін кию және жабыстыру ***(Жапсыру)***<br>Сәбіздің бейнесін мүсіндеу<br>**(мүсіндеу)**<br>(кіші топ)<br><br>**"Бауырсақ" ертегісін мәнерлеп оқып беру.**<br>Балаларды ертегімен таныстыру, эмоционалды жауаптарды ояту. | Жемістер мен көкеністердің маскааларын киіп, пайдасы туралы балаларға айтқызу ***(Сөйлеуді дамыту)***<br><br>Қазақтың ұлттық тағамдары туралы видео ролик көрсету<br>Жемістерден компот жасау<br>***(Жапсыру,сурет салу.)***<br>(кіші топ) |